



Бекітемін
«Böbek kids» жеке бөбекжай менгерушісі
Т.М.Айткалиева
№1 педагогикалық кеңес шешімімен
28 тамыз 2023 жылы келісілді

«Böbek kids» жеке бөбекжайының 2023-2024 оқу жылына арналған

Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары

№	Іс – шара	Мақсаты	Өткізілетін уақыты	Жауаптылар
№1	Педагогикалық кеңесінің тақырыбы: «Böbekжайдың жаңа оқу жылына дайындығы» - Педагогикалық кеңес құрамын бекіту. 2023–2024 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен, перспективтік жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау және бекіту. - Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту. - Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру және топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. - Педагогтердің жаңа оқу жылына әдістемелік және кәсіби дайындығы. - Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.	Böbekжайдың жылдық жұмыс жоспарын бекіту, 2023-2024 оқу жылы жұмысының негізгі бағыттарын, педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау	Тамыз	Менгеруші
№2	Педагогикалық кеңесінің тақырыбы: «Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы» Күн тәртібі №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. «Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы» – баяндама. «Ертегі – бала қиялының қанаты» – ертегілерді оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану жолдары. «Бала тілін дамытудағы халық ауыз әдебиетінің рөлі» – мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтарды қолдану тәжірибесі. «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында бөбекжайда көрме ұйымдастыру туралы. - Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.	Іс тәжірибе алмасу алаңы Іс тәжірибемен бөлісу	Қараша	Әдіскер, барлық педагогтр

№3 Педагогикалық кеңесінің тақырыбы: «Ойын – таным мен дамудың бастауы» Күн тәртібі 1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. 2. Жан-жақты тексерудің қорытындысы. 3. «Балалардың дене дамуының көрсеткіштеріне сараптау» – медбике есебі. 4. «Ойындар арқылы балалардың тілдерін дамыту» – педагогтердің тәжірибесі. 5. «Ойын әрекетіндегі жаңашылдық» – заманауи ойын технологияларын оқу-тәрбие процесінде қолдану. 6. ☐ Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.	Тәжірибе алмасу аланы Тренинг	Қантар	Әдіскер, барлық педагогтер
№4 Педагогикалық кеңесінің тақырыбы: «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілі» Күн тәртібі 1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. 2. «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері» – баяндама. 3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің өту барысын талқылау және талдау. 4. Ұлттық қимылды ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолдану тәжірибесі. 5. Педагогтердің тәжірибе алмасуы. «Менің тиімді ұлттық ойыным» – практикалық бөлім. 6. Түрлі мәселелер. 7. ☐ Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.	Іс тәжірибе	Наурыз	Менгеруші, Әдіскер, барлық педагогтер
№5 Педагогикалық кеңесінің тақырыбы: 2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі 1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. 2. 2023–2024 оқу жылындағы үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтайтын балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің қорытындысы. 3. Топтардың жылдық есептері. 4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық. 5. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.	Қорытынды кеңес	Мамыр	Менгеруші, әдіскер

2023 -2024 оқу жылындағы ЖШС «Бөбек kids»

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

28 тамыз 2023 жыл

Түрі: дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: Бөбекжайда жаңа оқу жылына дайындығы

Мақсаты: Бөбекжайда оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру

Қатысқандар: барлық педагогтер, медбике

Күн тәртібі

1. Педагогикалық кеңес құрамын бекіту.
2. 2023–2024 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен, перспективтік жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау және бекіту.
3. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.
4. Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру және топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.
5. Педагогтердің жаңа оқу жылына әдістемелік және кәсіби дайындығы.
6. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.

1-МӘСЕЛЕ. Педагогикалық кеңес құрамын бекіту

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айткалиева жаңа оқу жылында педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды. Педагогикалық кеңес білім беру-тәрбие процесін жетілдіру, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау және оқу жылына қойылған мақсат-міндеттердің орындалуын талқылайтын негізгі алқалы орган екендігі айтылды. Педагогикалық кеңестің құрамына меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі және басқа да педагогтерді енгізу ұсынылды.

ШЕШІМІ:

1. 2023–2024 оқу жылына педагогикалық кеңестің құрамы бекітілсін.
2. Педагогикалық кеңес мүшелері өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарсын.
3. Педагогикалық кеңес отырыстары бекітілген жоспарға сәйкес өткізілсін.

2-МӘСЕЛЕ. 2023–2024 оқу жылының жоспарларын бекіту

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Әубекер 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспармен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен, перспективтік жоспармен және балалардың күн тәртібімен таныстырды.

Жылдық жоспардағы негізгі міндеттер, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бағыттары, педагогтердің атқаратын жұмыстары және жыл бойына жоспарланған іс-шаралар талқыланды.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған оқу қызметін тиімді жоспарлау, оқу жүктемесін дұрыс бөлу және күн тәртібін сақтау қажеттілігі атап өтілді.

Педагогтер ұсынылған жоспарларды талқылап, өз ұсыныстарын білдірді.

ШЕШІМІ:

1. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ертегі, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш және санамақтарды тиімді пайдалану.
3. Халық ауыз әдебиеті арқылы балалардың тілдік, танымдық және адамгершілік дағдыларын дамыту.
4. Топтардағы кітап және ертегі бұрыштарын халық ауыз әдебиеті үлгілерімен толықтыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Б.Тулегенова ертегілерді мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс барысында тиімді пайдалану жолдарымен таныстырды.

Ертегілердің балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін, ойлауын және байланыстырып сөйлеуін дамытудағы рөлі атап өтілді.

Балаларға ертегіні жай ғана оқып берумен шектелмей, кейіпкерлердің әрекетін талдау, сұрақтарға жауап беру, ертегіні сахналау, сурет бойынша әңгіме құрастыру, ертегінің соңын өзгертіп айту сияқты шығармашылық тапсырмаларды қолданудың тиімділігі көрсетілді.

ШЕШІМІ:

1. Ертегілерді оқу-тәрбие процесінде жүйелі пайдалану.
2. Балалардың ертегі мазмұнын түсінуі мен кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалай білуіне жағдай жасау.
3. Ертегілерді сахналау, рөлдік ойындар және шығармашылық тапсырмалар арқылы балалардың қиялы мен сөйлеу қабілетін дамыту.
4. Әр топта балалардың жас ерекшелігіне сәйкес ертегілер топтамасы жинақталсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша қазақ тілі мұғалімі М.Сариева мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш және санамақтарды балалардың тілін дамытуда қолдану тәжірибесімен бөлісті.

Жұмбақтардың балалардың ойлау қабілетін, жаңылтпаштардың дұрыс әрі анық сөйлеуін, санамақтардың есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал ететіні айтылды.

Мақал-мәтелдер арқылы балаларға еңбек, достық, үлкенді сыйлау, Отанды сүю және адамгершілік туралы қарапайым түсініктер беруге болатындығы атап өтілді.

Педагогтерге халық ауыз әдебиеті үлгілерін танертенгі қабылдау кезінде, ұйымдастырылған іс-әрекетте, серуенде және еркін ойын барысында қолдану ұсынылды.

ШЕШІМІ:

1. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш және санамақтарды балалармен күнделікті жұмыста қолдану.
2. Балалардың сөздік қорын молайту және байланыстырып сөйлеуін дамытуға бағытталған жұмыстарды күшейту.
3. Әр жас тобына сәйкес халық ауыз әдебиеті үлгілерінің шағын картотекасы жасақталсын.
4. Педагогтер өз тәжірибесінде тиімді әдіс-тәсілдермен бөлісіп отырсын.

4. Балалардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар қатаң сақталсын.
5. Заттық-дамытушы ортаның жағдайын бақылау әдіскер мен топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

5-МӘСЕЛЕ. Педагогтердің жаңа оқу жылына әдістемелік және кәсіби дайындығы ТЫНДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша әдіскер А.Әубекер педагогтердің жаңа оқу жылына әдістемелік және кәсіби дайындығы туралы ақпарат берді.

Педагогтерге оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру, ойын арқылы оқыту әдістерін тиімді пайдалану, заманауи педагогикалық технологияларды қолдану және балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру міндеттері түсіндірілді.

Педагогтердің кәсіби ізденісін арттыру, өзара тәжірибе алмасу және әдістемелік жұмыстарға белсенді қатысу қажеттілігі атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтер жаңа оқу жылында оқу-тәрбие жұмысын бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырсын.
2. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойын технологиялары тиімді қолданылсын.
3. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және өзара тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілсін.
4. Әдістемелік көмек қажет ететін педагогтерге жеке кеңес берілсін.

6-МӘСЕЛЕ. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау

Педагогикалық кеңесте жаңа оқу жылына дайындық бойынша барлық мәселелер талқыланып, оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастырудың негізгі бағыттары белгіленді. Жаңа оқу жылында педагогтердің бірлескен жұмысын күшейту, балаларға қауіпсіз әрі қолайлы дамытушы орта қалыптастыру, оқу жоспарларын сапалы орындау және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау қажеттілігі атап өтілді.

ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ:

1. Бөбекжайдың 2023–2024 оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық және оқу жоспарлары бекітілсін.
3. Перспективтік жоспарлар мен ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі бекітілсін.
4. Топтардың күн тәртібі бекітілсін.
5. Топтардың заттық-дамытушы ортасын жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.
6. Педагогтер оқу-тәрбие процесін балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырсын.
7. Жаңа оқу жылында балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау басты назарда болсын.
8. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау бөбекжай әдіскеріне жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Т.А.Тайрова Н.Т.Самиева Т.М.

Хатшы: А.А. / Әубекер А.М.

2023 -2024 оқу жылындағы ЖШС «Бөбек kids»

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

20 қараша 2023 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы»

Мақсаты: Халық ауыз әдебиеті арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тілін, ойлау қабілетін, шығармашылығын және адамгершілік қасиеттерін дамыту, ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттыру және халық мұрасын оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдаланудың жолдарын айқындау.

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер барлық педагогтер, музыка жетекшісі

Күн тәртібі

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. «Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы» – баяндама.
3. «Ертегі – бала қиялының қанаты» – ертегілерді оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану жолдары.
4. «Бала тілін дамытудағы халық ауыз әдебиетінің рөлі» – мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтарды қолдану тәжірибесі.
5. «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында бөбекжайда көрме ұйымдастыру туралы.
6. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Әубекер №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді.

Жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспар, оқу жоспары, перспективтік жоспарлар және ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітіліп, педагогтердің жоспарға сәйкес жұмыс жүргізіп жатқаны айтылды.

Топтардың заттық-дамытушы ортасы ұйымдастырылып, оқу құралдары, ойын материалдары және көрнекіліктермен толықтыру жұмыстары жүргізілгені атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қабылданған шешімдердің орындалуы әрі қарай да бақылауда болсын.
3. Оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру жұмыстары жалғастырылсын.

ТЫНДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Бисегалиева «Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамада халық ауыз әдебиетінің мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесі мен дамуындағы маңызы жан-жақты қарастырылды.

Халық ауыз әдебиетіне жататын ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, тақпақтар мен бесік жырларының бала тілін дамытуға, есте сақтау қабілетін жетілдіруге, ойлау белсенділігін арттыруға ықпалы туралы айтылды.

Сонымен қатар халық ауыз әдебиеті арқылы балаларды мейірімділікке, достыққа, үлкенді сыйлауға, еңбекқорлыққа, адалдыққа және ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеуге болатындығы атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.
2. Оқу жоспары бекітілсін.
3. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі бекітілсін.
4. Перспективтік жоспарлар бекітілсін.
5. Балалардың күн тәртібі бекітілсін.
6. Ұйымдастырылған оқу қызметтері бекітілген жоспарлар мен кестеге сәйкес жүргізілсін.
7. Жоспарлардың орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

3-МӘСЕЛЕ. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту

ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі жаңа оқу жылында топтардағы оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру мақсатында топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту туралы ұсынысын білдірді.

Тәрбиешілердің кәсіби біліктілігі, тәжірибесі және балалармен жұмыс жүргізу ерекшеліктері ескеріліп, топтарға жауапты педагогтерді бекіту қажеттілігі айтылды.

ШЕШІМІ:

1. 2023–2024 оқу жылына топтарға жауапты тәрбиешілер бекітілсін.
2. Тәрбиешілер өз топтарындағы оқу-тәрбие жұмысының сапалы ұйымдастырылуына жауапты болсын.
3. Топтағы балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы және күн тәртібінің сақталуы қамтамасыз етілсін.
4. Тәрбиешілер бекітілген перспективтік және күнделікті жоспарларға сәйкес жұмыс жүргізісін.

4-МӘСЕЛЕ. Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру және топтардың жаңа оқу жылына дайындығы

ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша әдіскер А.Әубекер топтардың жаңа оқу жылына дайындығына талдау жасады.

Топ бөлмелерінің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жабдыкталуы, жиһаздардың орналасуы, ойыншықтар, дидактикалық материалдар, көрнекіліктер, шығармашылық жұмыстарға арналған құралдар және оқу материалдарының дайындығы қаралды.

Заттық-дамытушы ортаның балалардың еркін әрекет етуіне, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беруі қажеттілігі айтылды.

Сонымен қатар топтарда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ойыншықтар мен құралдардың жарамдылығын тексеру және оқу жылында қажет материалдармен толықтыру жұмыстары талқыланды.

ШЕШІМІ:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Заттық-дамытушы орта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылсын.
3. Топтар қажетті оқу құралдарымен, көрнекіліктермен, дидактикалық және ойын материалдарымен толықтырылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша меңгеруші Г.Айткалиева «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында бөбекжайда көрме ұйымдастыру туралы ұсыныс жасады.

Көрменің мақсаты – балалардың туған елге, Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы түсініктерін кеңейту және ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттыру.

Көрмеге балалардың суреттері мен қолөнер жұмыстары, Қазақстан Республикасының рәміздері, ұлттық бұйымдар, ұлттық ойындар, кітаптар және тақырыпқа сәйкес көрнекіліктер орналастыру ұсынылды.

Балаларды көрмені дайындау жұмысына белсенді қатыстыру және олардың шығармашылық жұмыстарын көрсету қажеттілігі айтылды.

ШЕШІМІ:

1. Бөбекжайда «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында көрме ұйымдастырылсын.
2. Көрмеге балалардың шығармашылық жұмыстары, ұлттық бұйымдар, кітаптар және тақырыпқа сәйкес көрнекіліктер қойылсын.
3. Тәрбиешілер көрме тақырыбына сәйкес балалармен әңгімелесу және шығармашылық жұмыстар жүргізілсін.
4. Балалардың Отанға, туған жерге және мемлекеттік рәміздерге деген құрметін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілсін.
5. Көрмені ұйымдастыруға жауапты педагогтер белгіленсін.

Педагогикалық кеңесте халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы талқыланып, оның балалардың тілін, ойлау қабілетін, қиялын, шығармашылығын және адамгершілік қасиеттерін дамытудағы тиімді құрал екендігі атап өтілді.

Педагогтерге халық ауыз әдебиеті үлгілерін күнделікті оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану ұсынылды.

ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ:

1. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану.
2. Ертегілер арқылы балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін және байланыстырып сөйлеуін дамыту.
3. Мақал-мәтел, жұмбақ, жанылтпаш, санамақтарды балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес пайдалану.
4. Топтарда халық ауыз әдебиеті үлгілерінен құралған шағын картотекалар жасақтау.
5. «Тәуелсіздік – тұғырым» көрмесін ұйымдастыру.
6. Ұлттық құндылықтарды насихаттау және балалардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру.
7. Педагогтердің халық ауыз әдебиетін қолданудағы тиімді тәжірибелерін жинақтау.
8. Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Г.Айткалиева Г.М.

Хатшы: Зубемер А.М.

2023 -2024 оқу жылындағы ЖШС «Бөбек kids»

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

17 қаңтар 2024 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Ойын – таным мен дамудың бастауы»

Мақсаты: Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық, тілдік, физикалық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту жолдарын жетілдіру, ойын технологияларын оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдану және педагогтердің жанашыл ойын әдістерін пайдалану тәжірибесін арттыру.

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер барлық педагогтер, музыка жетекшісі

Күн тәртібі

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Жан-жақты тексерудің қорытындысы.
3. «Балалардың дене дамуының көрсеткіштеріне сараптау» – медбике есебі.
4. «Ойындар арқылы балалардың тілдерін дамыту» – педагогтердің тәжірибесі.
5. «Ойын әрекетіндегі жанашылдық» – заманауи ойын технологияларын оқу-тәрбие процесінде қолдану.
6. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.

Баяндамашы: Әдіскер А.Әубекер

Әдіскер педагогикалық кеңестің жұмысын ашып, №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына тоқталды. Өткен кезеңде педагогтердің кәсіби күзіндірілігін арттыру, білім беру ортасын жаңарту және тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.

Топтарда ұйымдастырылған оқу қызметтері мен еркін ойын әрекеттеріне бақылау жүргізіліп, әдістемелік көмек көрсетілген. Педагогтер жоспарланған іс-шараларды уақытылы орындап, балалардың даму көрсеткіштерінде оң нәтижелер байқалғаны айтылды.

1. Жан-жақты тексерудің қорытындысы.

Баяндамашы: меңгеруші Г.М.Айткалиева

Меңгеруші жарты жылдық мониторинг қорытындыларына жан-жақты талдау жасады. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларының даму деңгейлері анықталғанын айтты. Тексеру барысында педагогтердің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын орындауы, дамытушы ортаның ұйымдастырылуы, балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиелік жұмыстың сапасы қарастылырғаны баяндалды.

Мониторинг нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігінде жоғары және орташа даму деңгейі байқалған. Сонымен қатар кейбір балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, байланыстырып сөйлеу және ұсақ қол моторикасын дамыту бағытында қосымша жұмыстар жүргізу қажеттілігі атап өтілді. Меңгеруші әр педагогтің жұмысына талдау жасап, алдағы кезеңде білім беру сапасын арттыру бойынша нақты міндеттер жүктелді.

2. «Балалардың дене дамуының көрсеткіштеріне сараптау» медбике есебі

Баяндамашы: медбике Б.Гумарова

Медбике балалардың денсаулық жағдайы мен дене дамуының көрсеткіштері туралы есеп берді. Есеп барысында тәрбиеленушілердің бойы, салмағы, дене дамуының жас ерекшелігіне сәйкестігі, денсаулық топтары бойынша сараптама жасалды.

Медициналық бақылау нәтижесінде балалардың көпшілігінің денсаулық көрсеткіштері қалыпты деңгейде екені анықталған. Сонымен қатар маусымдық аурулардың алдын алу, дұрыс тамақтану, дене белсенділігін арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарының жүйелі жүргізіліп жатқанын атап өтілді. Медбике ата-аналармен бірлескен жұмыстарды күшейту, күн тәртібін сақтау және сауықтыру шараларын жалғастыру жөнінде ұсыныстар енгізілді.

3. «Ойындар арқылы балалардың тілдерін дамыту»

Баяндамашы: тәрбиеші: Ж.Мендіғалиева

Тәрбиеші өз баяндамасында мектепке дейінгі кезеңдегі ойынның баланың сөйлеу тілін дамытудағы ерекше рөліне тоқталды. Ұлы педагог В.А.Сухомлинскийдің «Ойынсыз ақыл-ойдың дамуында жоқ және болуы да мүмкін емес» деген сөзін негізге ала отырып, ойын арқылы баланың сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеу дағдылары дамитынын атап өтті.

Баяндама барысында: дидактикалық ойындар, сюжеттік-рөлдік ойындар, саусак ойындары, ұлттық ойындар, логикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту жұмыстары көрсетілді. Тәрбиеші тәжірибесінен мысалдар келтіріп, ойын кезінде балалардың еркін қарым-қатынас жасап, өз ойын толық жеткізуге үйренетінін дәлелдеді.

«Ойын әрекетіндегі жаңашылдық»

Баяндамашы: тәрбиеші Б.Имашева

Тәрбиеші қазіргі білім беру кеңестігіндегі инновациялық ойын технологиялары туралы баяндама жасады. Өз сөзінде А.С.Макаренконың «Бала өмірінде ойынның маңызы зор. Үлкендер үшін еңбек қандай маңызды болса, бала үшін ойын сондай маңызды» деген пікірін келтірді. Баяндамада STEM элементтері бар ойындар, интерактивті ойындар, квест технологиялары, құм терапиясы, робототехника элементтері, зерттеушілік ойындар арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту тәжірибесі ұсынылды.

Педагог инновациялық ойындардың балалардың қызығушылықтарын арттырып, өздігінен ізденуіне, мәселені шешу қабілетінің дамуына ықпал ететінін атап өтті.

Шешім

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын
2. Жартыжылдық мониторинг қорытындысы бойынша балалардың даму көрсеткіштерін жақсарту мақсатында жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру іс-шаралары жүйелі түрде жалғастырылсын.
4. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру іс – шаралары жүйелі түрде жалғастырылсын.
5. Барлық жас топтарында балалардың сөйлеу тілін дамытуда ойын технологияларын кеңінен қолдану қамтамасыз етілсін.
6. Педагогтер оқу-тәрбие процесінде инновациялық ойын технологияларын тұрақты түрде енгізілсін.
7. Әр топта баланың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған дамытушы ойын ортасы толықтырылсын.
8. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау міндеті әдіскер А.Әубекерге жүктелсін

Педагогикалық кеңес төрайымы: Т. Нұрмағалиева

Хатшы: А. Әубекер

2023 -2024 оқу жылындағы ЖШС «Бөбек kids»

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

5 наурыз 2024 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілі»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың дене белсенділігін арттыру, қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру және ұлттық ойындар арқылы ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагогтердің ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдану тәжірибесін жетілдіру.

Қатысқандар: барлық педагогтер, медбике

Күн тәртібі

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері» – баяндама.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің өту барысын талқылау және талдау.
4. Ұлттық қимылды ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолдану тәжірибесі.
5. Педагогтердің тәжірибе алмасуы. «Менің тиімді ұлттық ойыным» – практикалық бөлім.
6. Түрлі мәселелер.
7. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Әубекер №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді.

№3 педагогикалық кеңесте ойын арқылы балалардың танымдық, тілдік, физикалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, заманауи ойын технологияларын қолдану бойынша міндеттер қойылған болатын.

Педагогтер балалармен жұмыс барысында дидактикалық, қимылды, сюжеттік-рөлдік және шығармашылық ойындарды жүйелі түрде ұйымдастырғаны атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ойын технологияларын оқу-тәрбие процесінде қолдану жұмыстары жалғастырылсын.
3. Педагогтердің тиімді ойын әдістерін қолдану тәжірибесі жинақталсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Бисегалиева «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында ұлттық ойындардың балалардың дене тәрбиесіндегі маңызы туралы айтылды. Ұлттық ойындар баланың қимыл-қозғалысын жетілдіруге, ептілікке, шапшаңдыққа, дәлдікке, төзімділікке және ұйымшылдыққа тәрбиелейтіні атап өтілді.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес «Ақ серек – көк серек», «Арқан тарту», «Орамал тастамақ», «Асық ойындары», «Ханталапай», «Тенге алу» сияқты ойындардың жеңілдетілген нұсқаларын қолдану жолдары ұсынылды.

Ұлттық ойындарды дене шынықтыру іс-әрекетінде, серуен кезінде және бос уақытта тиімді ұйымдастыру қажеттілігі айтылды.

ШЕШІМІ:

1. Ұлттық ойындарды дене тәрбиесі барысында жүйелі пайдалану.
2. Ойындарды балалардың жас ерекшеліктері мен физикалық мүмкіндіктеріне қарай таңдау.
3. Ұлттық ойындар арқылы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.
4. Ұлттық ойындарды ұйымдастыру кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша педагогтердің ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің өту барысы талқыланды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде балалардың жас және жеке ерекшеліктерінің ескерілгені, ойын әдістері мен көрнекіліктердің қолданылғаны айтылды.

Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалардың белсенділігін арттыру, қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру және балаларды қызықтыру мақсатында ұлттық ойындарды тиімді кіріктіру қажеттілігін атап өтті.

ШЕШІМІ:

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ойын әдістерін тиімді қолдану жалғастырылсын.
2. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесіне кіріктіру жұмыстары күшейтілсін.
3. Педагогтер балалардың белсенділігін арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдансын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша педагогтер ұлттық қимылды ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолдану тәжірибелерімен бөлісті.

Ұлттық ойындарды таңдауда балалардың жас ерекшелігі, дене мүмкіндігі, ойынның күрделілігі және қауіпсіздік талаптары ескерілуі қажет екендігі айтылды.

Ұлттық қимылды ойындардың балалардың қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, достық қарым-қатынас пен өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыратыны атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Ұлттық қимылды ойындарды балалардың жас ерекшелігіне сәйкес таңдау.
2. Ұлттық ойындарды серуендеу және дене шынықтыру кезінде жүйелі ұйымдастыру.
3. Ойын барысында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша педагогтер арасында «Менің тиімді ұлттық ойыным» тақырыбында тәжірибе алмасу ұйымдастырылды.

Педагогтер балалармен жұмыс барысында қолданатын ұлттық ойындарын таныстырып, ойынның мақсаты, ережесі және өткізу жолдарымен бөлісті.

Практикалық бөлім барысында ұлттық ойындарды балаларға қызықты әрі түсінікті түрде ұйымдастыру, ойын ережелерін қарапайым тілмен түсіндіру және балаларды белсенді қатыстыру жолдары көрсетілді.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтердің тиімді ұлттық ойындарды қолдану тәжірибесі таратылсын.
2. Ұлттық ойындардың картотекасы толықтырылсын.
3. Әр жас тобының ерекшелігіне сәйкес ұлттық ойындар іріктеліп, күнделікті жұмыста қолданылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Алтыншы мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.Айткалиева оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қатысты ағымдағы мәселелерге тоқталды.

Педагогтерге құжаттарды уақытылы және талапқа сай жүргізу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, топтардың санитарлық және педагогикалық талаптарға сәйкестігін сақтау, алдағы іс-шараларға дайындық жұмыстарын уақытылы жүргізу тапсырылды.

Сонымен қатар ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату және балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу қажеттілігі айтылды.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтер құжаттарды уақытылы және талапқа сай жүргізсін.
2. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау талаптары қатаң орындалсын.
3. Алдағы іс-шараларға дайындық жұмыстары уақытылы жүргізілсін.
4. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстары жалғастырылсын.

Педагогикалық кеңесте дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолданудың тиімділігі талқыланып, ұлттық ойындардың балалардың дене белсенділігін арттырудағы және ұлттық құндылықтарға қызығушылығын қалыптастырудағы маңызы атап өтілді.

ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ:

1. Дене тәрбиесі барысында ұлттық ойындарды жүйелі қолдану.
2. Ұлттық ойындарды балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес таңдау.
3. Ұлттық ойындар арқылы балалардың ептілік, шапшандық, төзімділік және ұйымшылдық қасиеттерін дамыту.
4. Ұлттық ойындар картотекасын толықтыру және педагогтердің күнделікті жұмысында пайдалану.
5. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ұлттық ойындарды тиімді кіріктіру.
6. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын сақтау.
7. Педагогтердің ұлттық ойындарды қолданудағы тиімді тәжірибесін тарату.
8. Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Г.Айткалиева / Айткалиева Г.А.

Хатшы: А.Н. Аубакиров / Аубакиров А.Н.

2023 -2024 оқу жылындағы ЖШС «Бөбек kids»

№5 педагогикалық кеңес хаттамасы

31 мамыр 2024 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: 2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі

Мақсаты: Оқу жылы барысында атқарылған оқу тәрбие жұмыстарының сапасына талдау жасау, үлгілі оқу бағдарламасының меңгерілу деңгейін анықтау, педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелілігін бағалау және жаңа оқу жылына басым бағыттарды белгілеу

Қатысқандар: барлық педагогтер, медбике

Күн тәртібі

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. 2023–2024 оқу жылындағы үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтайтын балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің қорытындысы.
3. **Топтардың жылдық есептері.**
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.
5. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау.

1. Тындалды

Баяндамашы: әдіскер А.Әубекер

Әдіскер педагогикалық кеңес жұмысын ашып, №4 педагогикалық кеңес қабылданған шешімдердің орындалуына жан-жақты тоқталды. Өткен педагогикалық кеңестің тақырыбы «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері» болғанын атап өтіп, оқу жылының екінші жартысында барлық топтарда ұлттық ойындарды білім беру процесіне енгізу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Педагогтер ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, еруендерде, спорттық мерекелер мен сауықтыру шараларында казак халқының ұлттық ойындарын тиімді пайдаланды. Жыл бойы: «Арқан тарту», «Аксерек-көксерек», «Тенге алу», «Орамал тастамақ», «Ханталапай», «Соқыр теке» сияқты ұлттық ойындар балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып отырды. Нәтижесінде тәрбиеленушілердің киымл – қозғалыс белсенділігі артып, денсаулық көрсеткіштері жақсарды, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтары қалыптасты. Әдіскер педагогтердің шығармашылық белсенділігі жоғарыланғанын, ашық оқу қызметтері мен тәжірибе алмасу жұмыстарының жүйелі жүргізілгенін атап өтті. Сөз соңында қабылданған шешімдердің толық көлемде орындалғанын баяндады.

2. 2023-2024 оқу жылындағы үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтайтын балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің қорытындысы

Баяндамашы әдіскер А.Әубекер

Әдіскер балалардың оқу жылы бойынша жетістіктерін көрсетіп, мониторинг қорытындысына толық талдау жасады. Балалардың даму деңгейлері ҚР меккетпке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жапыға міндетті стандарты негізінде бағаланғанын айтты. Жыл қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің көпшілігі жас ерекшеліктеріне сәйкес күтілетін

нәтижелерге қол жеткізген. Балалардың коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және физикалық дағдыларының дамуында оң динамика байқалды.

3. Тыңдалды: Топ тәрбиешілері.

Тәрбиешілер 2023–2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар бойынша жылдық есептерін таныстырды. Есеп барысында әр топта балалардың жан-жақты дамуына бағытталған оқу қызметтері, тәрбиелік іс-шаралар, мерекелік бағдарламалар, жобалық жұмыстар, ұлттық құндылықтарға негізделген іс-әрекеттер және ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелері баяндалды.

Жыл бойы оқу-тәрбие жұмыстары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылды. Балалардың білім, білік және дағдыларын дамыту бағытында жоспарланған жұмыстар толық көлемде орындалды.

Тәрбиешілер тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, тілдік қарым-қатынасын қалыптастыру, дене шынықтыру, еңбекке баулу және әлеуметтік дағдыларын жетілдіру бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар, ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнату бағытында өткізілген жиналыстар, кеңестер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен бірлескен іс-шаралардың нәтижелері айтылды.

4. Тыңдалды

Төртінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Әубекер жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспары туралы таныстырды. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, таза ауада көбірек болуын қамтамасыз ету, қимылды ойындар, сумен және құммен ойындар, шынықтыру шараларын ұйымдастырудың маңыздылығы айтылды. Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін сақтау, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру және санитарлық талаптарды орындау қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

5. Тыңдалды

Меңгеруші 2023–2024 оқу жылының қорытындысы бойынша педагогикалық ұжымның атқарған жұмысына оң баға берді. Жыл бойы білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт пен Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес ұйымдастырылғанын атап өтті.

Сонымен қатар, тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларының даму деңгейінде он нәтижелер байқалғанын, педагогтердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісі оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын арттыруға ықпал еткенін айтты.

Меңгеруші алдағы 2024–2025 оқу жылында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді қолдану, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Жыл бойы атқарылған нәтижелі еңбегі үшін педагогикалық ұжымға алғысын білдіріп, жазғы сауықтыру кезеңін сапалы ұйымдастыруды және жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын уақытылы жүргізуді тапсырды.

ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ:

1. 2023–2024 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері назарға алынсын.
3. Балалардың дамуында анықталған нәтижелер мен қажеттіліктер келесі оқу жылын жоспарлау кезінде ескерілсін.
4. Топтардың жылдық есептері қабылдансын.
5. Педагогтердің оқу жылында атқарған тиімді жұмыстары жинақталсын.
6. Жазғы сауықтыру жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.
7. Балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қолайлы орта қалыптастыру жұмыстары күшейтілсін.
8. Келесі оқу жылына арналған мақсат-міндеттер оқу жылының қорытынды нәтижелерін ескере отырып айқындалсын.
9. Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Т. Айтмағұл А. Маамбетов Т. М.
Хатшы: А. М. / Зубекер А. М.